

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
«БВ01310 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру
бағдарламасына (бакалавр)

ПІКІР

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде бастауыш сынып мұғалімдерін «БВ01310 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша даярлайды.

«БВ01310 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының негізгі мазмұны мектептерде педагогикалық процесті ұйымдастыруды, оқу-тәрбие процесінің жобаларын әзірлеу мен іске асыруды, бастауыш мектептің мемлекеттік білім беру стандартында көзделген пәндер бойынша жалпы оқу білімін, іскерлігін және дағдыларын, білім жүйесін қалыптастыруды қамтиды.

«БВ01310 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқу мерзімі – 4 жыл, оқу траекториясы – қосымша білім беру педагогикасы.

Білім беру бағдарламасының құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктеріне жасалған талдау Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындарының рейтингінде өз позициясын нығайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр деген пікірімізді растайды. Біз бұл пікірді осы оқу орнының әріптестерімен және студенттерімен тікелей жұмыстан кейін, оқу бағдарламасын мұқият зерделеуге, әріптестермен жыл сайын ББ енгізілген өзгерістерді талқылауға мүмкіндік алған кезде қалыптастырдық.

ББ бәсекеге қабілетті мамандарға қойылатын заманауи талаптарға бағытталған, осыған байланысты білім беру бағдарламасы келесі пәндерді қамтиды: *Бастауыш сынып оқушыларында медиасауаттылықты қалыптастыру әдістемесі, Бастауыш мектепте кіріктірілген білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері, Бастауыш мектепте мәтінмен жұмыс істеуді оқыту әдістемесі* және т.б. Бұл ББ түлектерінің жаңа моделін қалыптастыруға бағдарланған, мұнда ол жай ғана білім тасымалдаушысы емес, сонымен қатар білім беру ортасындағы өзгерістерді жобалаушы әрі зерттеуші, сыни ойлау, коммуникативті және іскерлік дағдылары бар креативті көшбасшы ретінде көрінеді.

Сонымен, «БВ01310 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ құрылымы мен мазмұнын қарастырып, біз келесі тұжырымдар жасадық:

1) осы білім беру бағдарламасының бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып нақты тұжырымдалған мақсаттары мен міндеттері, оқыту нәтижелері айқындалған;

2) бағдарламаның барлық модульдері бойынша оқу пәндерін таңдау мамандықтың классикалық пәндерін сақтай отырып, заманауи пәндерді, инновациялық бағыттағы пәндерді ұсынуға мүмкіндік береді.

3) Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті осы ББ түлектеріне магистратура бағдарламасы бойынша оқуды жалғастыруға мүмкіндік береді («7М01311 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ).

«Павлодар қаласының
№ 2 жалпы орта білім
КММ директоры



Handwritten signature in blue ink.

Г.К. Белгибаева

4.09.2023 ж.